және радиусы R болатын шеңберге қатысты жазықтықтың инверсиясы $\bar{z} = \frac{R^2}{z}$ геометрияда кең таралған, мұндағы $\bar{z} = x - iy$, $i^2 = -1$. Қиғашбұрышты координаттар жүйесінде эллипске қатысты жазықтықтың инверсиясын қарастыру үшін $z = x + py$ түріндегі жалпыланған комплекс сан ұғымы енгізіледі, мұнда $p^2 = -\theta_0 + p\theta_1$.

Түйін сөздер: екінші ретті қисық, инварианттар, қиғашбұрышты координаттар жүйесі, жалпыланған комплекс сан, эллипс инверсиясы.

УДК 519.624.2

Д. Теңдіков, А.О. Жұмаділда

Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Сағындықов, қауымд. проф., ф.-м.ғ.к.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,

Қазақстан, Алматы қаласы

a.o.jumadi lda@mail.ru

АЙНЫМАЛЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕҢДЕУДІҢ БІР ДЕРБЕС ШЕШІМІН ТАБУДАҒЫ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН ТОПТАСТЫРУ ӘДІСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада біртекті сызықты дифференциалдық теңдеудің бір дербес шешімін табу жолдары қарастырылады. Табылған дербес шешімдердің көмегімен теңдеудің фундаментальды шешімдер жүйесі құрылады.

Түйін сөздер: дифференциалдық теңдеулер, сызықты тәуелсіз шешімдер жүйесі, Остроградский-Лиувиль формуласы, Вронский анықтауышы.

Айнымалы коэффициентті екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеулердің шешімі математика, физика және техниканың алуан түрлі облыстарында қолданылады.

Біртекті емес екінші ретті сызықты теңдеу

$$a_0(x)y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = f(x)$$

(1) түрінде жазылады, мұнда

$a_0(x)$, $a_1(x)$ және $a_2(x)$ коэффициенттері x өсінің қайсы бір $\langle a, b \rangle$ интервалында берілген үзіліссіз функциялар. Ал

$$a_0(x)y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = 0$$

(2) теңдеуі (1) теңдеудің

сызықты біртекті теңдеуі деп аталады.

Егер (2) теңдеудің бір мардымды шешімі белгілі болса, онда оның екінші сызықты тәуелсіз дербес шешімі Остроградский – Лиувилль формуласы бойынша табылатыны жалпы теориядан белгілі. Одан әрі біртекті емес (1) теңдеудің жалпы шешімін тұрақтыны вариациялау әдісін қолдана отырып

$$y(x) = C_1 y_1(x) + C_2 y_2(x) - y_1(x) \int \frac{y_2(x) f(x)}{W[y_1, y_2]} dx + y_2(x) \int \frac{y_1(x) f(x)}{W[y_1, y_2]} dx \quad (3)$$

формуласы бойынша табамыз, мұнда C_1 мен C_2 кез келген тұрақтылар,

$$W[y_1, y_2] = \begin{vmatrix} y_1(x) & y_2(x) \\ y_1'(x) & y_2'(x) \end{vmatrix} = y_1(x)y_2'(x) - y_1'(x)y_2(x)$$

- Вронский анықтауышы.

Қорытынды. Демек (1) теңдеудің жалпы шешімін табу үшін алдымен (2) теңдеудің фундаментальды шешімдер жүйесін құру керек. Бірақ жалпы жағдайда барлығына ортақ (2) теңдеудің фундаментальды шешімдер жүйесін табатын әдістеме жоқ.

Екінші ретті сызықты біртекті теңдеудің фундаментальды шешімдер жүйесін құру үшін жалпы теорияда келесі әдістеме қарастырылады.

(2) теңдеудің бір $y_1(x)$ дербес шешімі белгілі деп ұйғарылады. Содан кейін $y(x) = y_1(x) \cdot z(x)$ алмастыруының көмегімен (2) теңдеудің сызықтық қасиетін сақтай отыра теңдеудің ретін бір бірлікке төмендетеді. Алайда Вронский анықтауышы үшін Остроградский – Лиувилль формуласы орын алады:

$$W(x) = W(x_0) e^{-\int_{x_0}^x \frac{a_1(t)}{a_0(t)} dt} \quad (4)$$

Сондықтан (4) формуланың көмегімен (2) теңдеудің жалпы шешімін бірден жазуға болады.

Шынында да, егер $y(x)$ арқылы $y_1(x)$ дербес шешімімен сызықты тәуелсіз болатын кез келген басқа шешімді белгілесек, онда:

$$W[y_1, y_2] = y_1(x)y_2'(x) - y_1'(x)y_2(x) = C \cdot e^{-\int_{x_0}^x p(x) dx}, \quad \text{мұнда} \quad p(x) = \frac{a_1(x)}{a_0(x)}$$

Алынған теңдіктің екі жағын бірдей $y_1^2(x)$ -қа бөлсек,

$$\left(\frac{y}{y_1}\right)' = \frac{C}{y_1^2} e^{-\int_{x_0}^x p(x) dx} \quad y = y_1 \left(C \int \frac{e^{-\int_{x_0}^x p(x) dx}}{y_1^2} dx + C_1 \right)$$

теңдіктері алынады. Соңғы формула (2) біртекті теңдеудің жалпы шешімін береді:

$$y_0(x) = C_1 y_1(x) + C_2 y_2(x),$$

мұнда

$$y_2(x) = y_1 \int \frac{e^{-\int_{x_0}^x p(x) dx}}{y_1^2} dx \quad (5)$$

Мысал. $(x^2 - x + 1)y'' - (2x^2 + 1)y' + (4x - 2)y = 0$ теңдеуінің жалпы шешімін тап.

Шешуі. Бұл теңдеудің бір дербес шешімін $y_1(x) = x^n + \dots$ көпмүшелігі түрінде іздейік. Ізделініп отырған дербес шешімнің сәйкес туындыларын тауып, бастапқы теңдеуге қоятын болсақ, онда көпмүшеліктің ең үлкен дәрежесі $n = 2$ тең болатыны шығады. Демек бірінші

дербес шешімді $y = x^2 + ax + b$ түрінде іздеу керек. Сонда a және b коэффициенттері үшін алынған жүйе $a = 0, b = 1$ мәндерін береді. Одан әрі берілген теңдеудің жалпы шешімін (5) формула бойынша табуға болады. Бірақ интегралдарды есептеп жатпас үшін берілген

теңдеудің екінші дербес шешімін $y_2(x) = e^{ax}$ түрінде іздейік. Бұл көрсеткіштік теңдеудің сәйкес туындыларын тауып, берілген теңдеуге қоятын болсақ, онда $a = 2$ мәнін аламыз.

Демек $y_2(x) = e^{2x}$ функциясы берілген теңдеудің екінші дербес шешімі. Сонда

$$y_0(x) = C_1 y_1(x) + C_2 y_2(x) = C_1(x^2 + 1) + C_2 e^{2x}$$

функциясы теңдеудің жалпы шешімін анықтайды.

Алайда барлық айнымалы коэффициентті дифференциалдық теңдеулер үшін бұл алгоритм орындала бермейді. Яғни әр теңдеудің коэффициенттерінің ерекшеліктерін және қасиеттерін ескере отырып, бір дербес шешімін табатын алгоритм құру қажет.

Әрі қарай $\forall x \in \langle a, b \rangle$ үшін $a_0(x) \neq 0$ дейік. (2) теңдеудің екі жағын бірдей $a_0(x)$ -қа бөліп

$$y''(x) + p(x)y'(x) + q(x)y(x) = 0 \quad (6) \text{ теңдеуіне}$$

көшейік.

а) (6) теңдеуде $t = \int e^{-\int p(x) dx}$ алмастыруын жасайық. Сонда жаңа тәуелсіз t айнымалысына қатысты

$$\frac{d^2 y(t)}{dt^2} + \left(\frac{dx}{dt}\right)^2 q(x(t))y(t) = 0 \quad (7)$$

теңдеуі алынады;

б) егер (6) теңдеудің коэффициенттері

$$\frac{1}{\sqrt{kq(x)}} \left[\frac{q'(x)}{2q(x)} + p(x) \right] = k_1 \quad (8)$$

шартын қанағаттандыратын болса, онда (6) теңдеу $t = \int \sqrt{kq(x)} dx$ алмастыруының көмегімен

$$\frac{d^2 y(t)}{dt^2} + k_1 \frac{dy(t)}{dt} + \frac{1}{k} y(t) = 0 \quad (9)$$

түріндегі тұрақты коэффициентті сызықты екінші ретті біртекті теңдеуге келтіріледі, мұнда k, k_1 қайсыбір тұрақтылар;

в) егер $p(x)$ және $q(x)$ коэффициенттері

$$\frac{q'(x)}{2q(x)} + p(x) = 0 \quad (10)$$

шартын қанағаттандыратын болса, онда $k_1 \equiv 0$ және (9) теңдеу

$$\frac{d^2 y(t)}{dt^2} + \frac{1}{k} y(t) = 0 \quad (11) \text{ түрінде жазылады.}$$

Қорытынды. Бұл жерде $p(x)$, $q(x)$ коэффициенттерінің бірін берілген аралықта кез келген функция деп қабылдасақ, онда екіншісін (2) теңдеудің айқын шешімі табылатындай етіп таңдап алуға болады.

г) (2) теңдеуге қайта оралайық та, біртекті теңдеудің коэффициенттерінің арасында

$$a_0(x)a_2(x) = a_0(x)a_1'(x) - a_0'(x)a_1(x) = \begin{vmatrix} a_0(x) & a_1(x) \\ a_0'(x) & a_1'(x) \end{vmatrix} \quad (12)$$

түріндегі байланыс орнатылсын дейік. Сонда (2) теңдеудің бір дербес шешімі

$$y_1(x) = e^{-\int \frac{a_1(x)}{a_0(x)} dx} \quad (13) \text{ түрінде табылады;}$$

д) егер (2) теңдеудің коэффициенттерінің арасында

$$\frac{a_0''(x) + a_1'(x)}{a_0'(x) + a_1(x)} = -\frac{a_0'(x)}{a_0(x)} + \frac{a_2'(x)}{a_2(x)} - \frac{a_2(x)}{a_0'(x) + a_1(x)} \quad (14) \text{ арақатынасы}$$

орындалса, онда (2) теңдеудің бір дербес шешімі

$$y_1(x) = \int a_0(x) dx \quad (15) \text{ түрінде анықталады.}$$

$$y''(x) + \frac{1}{2}e^{2x}y'(x) + e^{2x}y(x) = 0$$

Мысал. теңдеуінің бір дербес шешімін тап.

Шешуі. Теңдеудің коэффициенттері үшін (12) шарттың орындалуын тексереміз:

$$a_0(x) = 1, \quad a_1(x) = \frac{1}{2}e^{2x}, \quad a_2(x) = e^{2x}, \quad a_0(x)a_2(x) = e^{2x} \quad \begin{vmatrix} a_0(x) & a_1(x) \\ a_0'(x) & a_1'(x) \end{vmatrix} = \begin{vmatrix} 1 & \frac{1}{2}e^{2x} \\ 0 & e^{2x} \end{vmatrix} = e^{2x}$$

Демек шарт орындалады, ал оның дербес шешімі (13) формула бойынша анықталады.

$$y_1(x) = e^{-\int \frac{a_1(x)}{a_0(x)} dx} = e^{-\frac{1}{2} \int e^{2x} dx} = e^{-\frac{1}{4}e^{2x}}$$

Тексеру: $\ln y_1(x) = -\frac{1}{4}e^{2x}, \quad \frac{y_1'(x)}{y_1(x)} = -\frac{1}{2}e^{2x}, \quad y_1'(x) = -\frac{1}{2}e^{2x}y_1(x)$

$$y_1''(x) = -e^{2x}y_1(x) - \frac{1}{2}e^{2x}y_1'(x) = e^{-2x}y_1(x) + \frac{1}{4}e^{4x}y_1(x)$$

Сонда

$$y_1''(x) + \frac{1}{2}e^{2x}y_1'(x) + e^{2x}y_1(x) = \left(e^{-2x} + \frac{1}{4}e^{4x} - \frac{1}{4}e^{4x} + e^{2x} \right) y_1(x) = 0$$

Мысал. $y''(x) - y'(x) + e^{2x}y(x) = 0$ теңдеуінің жалпы шешімін тап.

Шешуі. Мұнда $p(x) = -1$, $q(x) = e^{2x}$, $x \in \mathbb{R}$. Теңдеуді канондық түрге келтіру үшін $t = \int e^{-\int p(x) dx} dx = \int e^x dx = e^x$ алмастыруын жасайық. Сонда $x = \ln t$ және $\frac{dx}{dt} = \frac{1}{t}$ теңдіктері

$$\frac{d^2 y(t)}{dt^2} + y(t) = 0$$

алынады. Бұл түрлендірулерден кейін (7) теңдеу түрінде жазылады. Алынған теңдеу біртекті тұрақты коэффициентті сызықты теңдеу. Ал оның жалпы шешімі

$$y(t) = C_1 \cos t + C_2 \sin t \quad \text{түрінде табылады.}$$

Жаңа тәуелсіз айнымалы t -дан қайтадан ескі тәуелсіз айнымалы x -қа көшетін болсақ, берілген теңдеудің жалпы шешімі $y(x) = C_1 \cos e^x + C_2 \sin e^x$ түрінде анықталады.

Әдебиеттер:

1. Асташова И.В., Никишин В.А. Практикум по курсу и дифференциальные уравнения. М.: МЭСИ, 2010.
2. Филиппов А.Ф. Введение в теорию дифференциальных уравнений. УРСС, 2004.

Д. Тендиков, А.О. Жумадилда, Б.Ж. Сагиндыков

Метод группировки коэффициентов при определении одного частного решения дифференциального уравнения с переменными коэффициентами

Резюме. В настоящей статье рассматриваются пути нахождения одного частного решения однородного линейного дифференциального уравнения. С помощью найденных частных решений строится фундаментальная система решений уравнения.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, линейно независимая система решений, формула Остроградского-Лиувилля, определитель Вронского.

D. Tendikov, A. O. Zhumadilda, B. Zh. Sagyndykov

The method of construction exact solution of differential equation with variable coefficients by coefficients grouping

Annotation. This paper is dedicated to present the ways of finding an exact solution for a homogeneous linear differential equation. The fundamental system of solutions of the equation were constructed by the help of found exact solution.

Keywords: differential equations, linearly independent system of solutions, Ostrogradsky-Liouville formula, Vronsky determinant.

УДК 517.926.4

Е. Уатхан, А.М. Солтанова

*Ғылыми жетекшісі – Б.Ж. Сағындықов, қауымд. проф., ф.-м.ғ.к.
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Қазақстан, Алматы қаласы
verdikul.98@mail.ru*

ШЕШІМДЕРІ ЭЛЕМЕНТАР ФУНКЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ ӨРНЕКТЕЛЕТІН ҚАЙСЫБІР АЙНЫМАЛЫ КОЭФФИЦИЕНТТІ СЫЗЫҚТЫ БІРТЕКТІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕР

Аңдатпа. Жалпы жағдайда айнымалы коэффициентті екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеулердің бір дербес шешімін табатын алгоритм жоқ. Бұл мақалада түрлендірулердің көмегімен қайсыбір айнымалы коэффициентті теңдеулер шешілді және шешілетін теңдеулердің класы құрылды.

Түйін сөздер: дифференциалдық теңдеулер, сызықты тәуелсіз шешімдер жүйесі, Остроградский-Гаус формуласы, Вронский анықтаушы, Риккати теңдеуі.

Біртекті айнымалы коэффициентті екінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеуді қарастырайық

$$a_0(x)y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = 0, \quad (1)$$

мұнда $a_0(x), a_1(x), a_2(x) \in C^1(a, b)$ және $\forall x \in (a, b)$ үшін $a_0(x) \neq 0$ дейік. (1) теңдеудің

екі жағын бірдей $a_0(x)$ функциясына бөліп,

$$y'' + p(x)y' + q(x)y = 0 \quad (2)$$

тендеуіне көшейік. Мұндағы $p(x) = \frac{a_1(x)}{a_0(x)}$ және $q(x) = \frac{a_2(x)}{a_0(x)}$ коэффициенттерін тәуелсіз айнымалы x -тің үзіліссіз функциялары деп ұйғарайық.

(2) теңдеуде $y(x) = z(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx}$ алмастыруын жасайық:

$$y'(x) = z'(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} - \frac{1}{2} z(x) p(x) e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx}$$

$$y''(x) = z''(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} - \frac{1}{2} z'(x) p(x) e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} -$$

$$-\frac{1}{2} z'(x) p(x) e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} - \frac{1}{2} p'(x) z(x) e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} + \frac{1}{4} p^2(x) z(x) e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx}$$

$y(x)$ және оның туындыларын (2) теңдеуге қойып ұқсас мүшелерін біріктіретін болсақ,

$$\left[z'' + z \left(-\frac{1}{2} p'(x) + \frac{1}{4} p^2(x) - \frac{1}{2} p^2(x) + q(x) \right) \right] e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} = 0$$

теңдеуін аламыз. Әрі қарай алынған теңдеудің екі жағын бірдей экспонентаға қысқарта отырып, соңында $z(x)$ функциясына қатысты

$$z'' + \left(-\frac{1}{2} p'(x) - \frac{1}{4} p^2(x) + q(x) \right) z = 0$$

теңдеуі алынады. Сонымен жоғарыда көрсетілген алмастырулардың көмегімен (1) теңдеудің

$$z'' + Q(x)z = 0 \tag{3}$$

түріндегі канондық теңдеуін жазуға болады. Мұнда

$$Q(x) = q(x) - \frac{1}{2} p'(x) - \frac{1}{4} p^2(x) \tag{4}$$

Сонымен қатар, егер $y_1(x)$, $y_2(x)$ функциялары сызықты тәуелсіз шешімдер жүйесін құрайтын болса, онда Остроградский – Лиувилль формуласы бойынша

$$W[y_1(x), y_2(x)] = C \tag{5}$$

тұрақты болатынын ескерте кетейік.

Қорытынды: демек (1) теңдеудің бір дербес шешімі белгілі болса, онда оның сызықты тәуелсіз екінші шешімі Остроградский – Лиувилль формуласынан анықталады.

Келесі кезекте (3) теңдеудің аналитикалық шешімдерін (2) теңдеудің берілген $p(x)$, $q(x)$ коэффициенттеріне қатысты қарастырайық.

Алдымен берілген $p(x)$, $q(x)$ функциялары үшін $Q(x) \equiv 0$ делік. Сонда (3) теңдеудің

жалпы шешімі $z(x) = C_1 x + C_2$ немесе $y(x) = z(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx}$ түрінде табылады.

Мысал. $y''(x) + 2xy'(x) + (x^2 + 1)y(x) = 0$ теңдеуінің жалпы шешімін табыайық.

Шешуі. (2) теңдеудің $p(x)$ және $q(x)$ коэффициенттерін табайық: $p(x) = 2x$, $q(x) = x^2 + 1$. Демек (4) теңдік орындалады, өйткені

$$Q(x) = x^2 + 1 - \frac{1}{2} \cdot 2 - \frac{1}{4} \cdot 4x^2 = x^2 + 1 - 1 - x^2 \equiv 0$$

Олай болса (3) теңдеудің жалпы шешімі $z(x) = C_1x + C_2$ түрінде жазылады. Мұнда C_1 және

C_2 кез келген тұрақтылар. Сонда $y(x) = z(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int_{x_0}^x p(x) dx}$, яғни $y(x) = (C_1x + C_2) e^{-\frac{x^2}{2}}$ функциясы берілген теңдеудің жалпы шешімін береді.

Тексеру:
$$y(x) = C_1 x e^{-\frac{x^2}{2}} + C_2 e^{-\frac{x^2}{2}},$$

$$y'(x) = C_1 e^{-\frac{x^2}{2}} - C_1 x^2 e^{-\frac{x^2}{2}} - x C_2 e^{-\frac{x^2}{2}},$$

$$y''(x) = -x C_1 e^{-\frac{x^2}{2}} - 2C_1 x e^{-\frac{x^2}{2}} + C_1 x^3 e^{-\frac{x^2}{2}} - C_2 e^{-\frac{x^2}{2}} + x^2 C_2 e^{-\frac{x^2}{2}}$$

$$y''(x) + 2xy'(x) + (x^2 + 1)y(x) \equiv 0$$

Сонда

Одан әрі (3) теңдеудің аналитикалық шешімдерін табу үшін (4) теңдікті жалпы түрде қарастырайық:

$$Q(x) = q(x) - \frac{1}{2} p'(x) - \frac{1}{4} p^2(x)$$

немесе

$$p'(x) = -\frac{1}{2} p^2(x) + 2q(x) - 2Q(x) \quad (6)$$

(6) теңдеу – Риккати теңдеуі. Риккати теңдеуі айнымалы коэффициентті бірінші ретті сызықты емес дифференциалдық теңдеу. Жалпы Риккати теңдеуі

$$y' = a(x)y + b(x)y^2 + c(x) \quad (7)$$

түрінде жазылады, мұнда $a(x)$, $b(x)$, $c(x)$ - тәуелсіз айнымалы x -қа тәуелді үзіліссіз функциялар. Риккати теңдеуінің жалпы шешімі келесі теоремаға негізделген.

Теорема. Егер Риккати теңдеуінің $y_1(x)$ дербес шешімі белгілі болса, онда оның жалпы шешімі $y(x) = y_1(x) + u(x)$ формуласы арқылы анықталады.

Өкінішке орай $a(x)$, $b(x)$ және $c(x)$ коэффициенттеріне қатысты Риккати теңдеуінің, сондай-ақ (1) теңдеудің дербес шешімін табатын жалпы қатаң алгоритм жоқ.

Төменде Риккати теңдеуінің қайсы бір белгілі дербес жағдайын қарастырайық та, алынған нәтижені (1) теңдеудің дербес шешімін табуға пайдаланайық.

$$y' = by^2 + cx^n \quad (8)$$

түріндегі Риккати теңдеуін қарастырайық. (8) теңдеуді (7) теңдеумен салыстыра отырып, олардың коэффициенттерінің арасындағы байланысты анықтайық: $a(x) = 0$, $b(x) = b$, $c(x) = cx^n$.

Егер $n = -2$ болса, онда жалпы теоремадан Риккати теңдеуін $y = \frac{1}{x}$ алмастыруының көмегімен біртекті теңдеуге түрлендіруге болатыны белгілі.

Әрі қарай осы тұжырымдарды (6) теңдеуге пайдаланайық. Ол үшін $2(q(x) - Q(x))$ айырымын $\frac{m}{x^2}$ түрінде берілсін деп ұйғарайық. Сонда (6) теңдеу

$$p'(x) + \frac{1}{2}p^2(x) = \frac{m}{x^2} \quad (9)$$

түрінде жазылады.

Жоғарыда айтылғандай (9) теңдеудің дербес шешімін $p(x) = \frac{A}{x} \Rightarrow p'(x) = -\frac{A}{x^2}$ түрінде іздейік. Сонда A тұрақтысы үшін $A^2 - 2A - 2m = 0$ квадрат теңдеуі алынады. $m = -\frac{1}{2}$ делік,

сонда $A = 1$. Одан әрі $p(x) = v(x) + \frac{1}{x}$ алмастыруын жасайық та, (9) Риккати теңдеуін түрлендірейік. Нәтижесінде

$$v'(x) + \frac{1}{x}v(x) = \frac{1}{2}v^2(x) \quad (10)$$

түріндегі Бернулли теңдеуі алынады. (10) теңдеу $u(x) = \frac{1}{z(x)} = \frac{1}{v(x)}$ алмастыруынан кейін

$$u'(x) - \frac{1}{x}u(x) = -\frac{1}{2} \quad (11)$$

сызықты теңдеуге келтіріледі. Ал (11) теңдеудің жалпы шешімі $u(x) = x \left(B - \frac{1}{2} \ln x \right)$ түрінде табылады, мұнда $B = const$ және $x > 0$.

Енді біз біртіндеп алдыңғы айнымалыларға көшеміз:

$$\frac{1}{v(x)} = x \left(B - \frac{1}{2} \ln x \right) \Rightarrow p(x) = v(x) + \frac{1}{x} \Rightarrow p(x) = \left(\frac{1}{B - \ln \sqrt{x}} + 1 \right) \frac{1}{x}$$

$$y'' + \left(\frac{-2}{x \ln x} + \frac{1}{x} \right) y' - \frac{1}{4x^2} y = 0 \quad (12)$$

Мысал.

Берілген теңдеудің жалпы шешімін табыйық.

Шешуі. (3) теңдеудің жалпы шешімін пайдалану үшін $Q(x) \equiv 0$ делік, сонда $q(x) = -\frac{1}{4x^2}$

Демек (12) теңдеудің жалпы шешімі $y(x) = z(x) \cdot e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx}$ формуласы бойынша табылады.

Мұнда $z(x) = C_1 x + C_2$, ал $e^{-\frac{1}{2} \int p(x) dx} = e^{-\frac{1}{2} \int \left(\frac{-2}{x \ln x} + \frac{1}{x} \right) dx} = e^{\ln \ln x - \frac{1}{2} \ln x} = x^{-\frac{1}{2}} \ln x$. Демек

$$y(x) = (C_1 x + C_2) x^{-\frac{1}{2}} \ln x = \left(C_1 x^{\frac{1}{2}} + C_2 x^{-\frac{1}{2}} \right) \ln x$$

(12) теңдеудің жалпы шешімін береді.

Әдебиет:

1. Самойленко А.М., Кривошея С.А., Перестюк Н.А. Дифференциальные уравнения: примеры и задачи. М.: Высшая школа, 1989.

2. Филиппов А.Ф. Введение в теорию дифференциальных уравнений. М.: Едиториал УРСС, 2004.

Е. Уатхан, А.М. Солтанова, Б.Ж. Сагиндыков

Некоторые линейные однородные дифференциальные уравнения с переменными коэффициентами, решения которых выражаются через элементарные функции

Резюме. В общем случае нет алгоритма нахождения одного частного решения линейных дифференциальных уравнений второго порядка с переменными коэффициентами. В этой статье с помощью преобразований были решены некоторые уравнения с переменными коэффициентами и создан класс решаемых уравнений.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, линейно независимая система решений, формула Остроградского-Гаусса, определитель Вронского, уравнение Риккати.

E. Uathan, A.M. Soltanova, B.Zh. Sagyndykov

The solution of some second-order linear homogeneous differential equations with variable coefficients that expressed in terms of elementary functions

Annotation. In the general case, there is no algorithm for finding one particular solution of second-order linear differential equations with variable coefficients. In this paper, we present the method in which an analytical solution is obtained. By the use of transformation and by repeated iterated integration, a desired solution is obtained. The class of solvable second-order linear differential equations with variable coefficients were found.

Keywords: differential equations, linearly independent system of solutions, Ostrogradsky-Gauss formula, Vronsky determinant, Riccati equation.

УДК 537.311:322

Е. Дулатулы^{1,2}, К.Х. Нусупов¹, Н.Б. Бейсенханов¹, Б.Ж. Сейтов¹, Живаева О.П.²,
С. Кейінбай¹

Научный руководители: Н.Б. Бейсенханов, д.ф.-м.н., профессор, О.П. Живаева, к.т.н.,
доцент

¹Казахстанско-Британский технический университет, Казахстан, г. Алматы

²Алматинский университет энергетики и связи, Казахстан, г. Алматы
beisen@mail.ru

СИНТЕЗ ПЛЕНОК КАРБИДА КРЕМНИЯ МЕТОДОМ МАГНЕТРОННОГО РАСПЫЛЕНИЯ

Аннотация. Методом магнетронного распыления в высокочастотном режиме 13,56 МГц при одновременном распылении мишени кремния и мишени графита осуществлен синтез тонких пленок карбида кремния на поверхности *c*-Si с тонкой прослойкой *a*-Si на поверхности. Методом рентгеновской рефлектометрии с использованием двух спектральных линий CuK_{α} и CuK_{β} определены плотность 3,179 г/см³ и толщина 166 нм пленки $SiC_{0,965} = Si_{51}C_{49}$. Обнаружено уменьшение плотности пленки до 2,792 г/см³ после отжига (1100°C, 30 мин, Ar) и увеличение ее толщины до 174 нм. Предположено, что под воздействием высокочастотной плазмы 13,56 МГц осаждена структурная фаза, распадающаяся после отжига с формированием нанокристаллов SiC. Методом ИК-спектроскопии показано присутствие в спектрах широкого пика SiC в интервале 700 – 1030 см⁻¹ до и после отжига. Методом фотографической рентгеновской дифракции после отжига пленки показано появление рентгеновской линии SiC(111) поликристаллической фазы карбида кремния.

Ключевые слова: кремний, полупроводники, карбид кремния, кристаллизация, магнетронное распыление

Важные для полупроводниковой электроники физико-химические свойства карбида кремния, такие как широкая запрещенная зона ($E_g = 2,3-3,5$ эВ), высокие температура плавления (2830°C), химическая стойкость, теплопроводность, подвижность носителей заряда и твердость (33400 Мн/м²) [1] обусловили его широкое применение в **радиационно-стойкой электронике, высокотемпературной электронике, высокочастотной электронике, оптоэлектронике** [1,2], а также в качестве жаростойких материалов при изготовлении нарезных дисков и буров. Электронные приборы на основе SiC обладают высоким быстродействием и возможностью работы при температурах до 600°C [3,4].

Различие в параметрах решеток карбида кремния и монокристаллического кремния составляет ~20%, а разница в их термических коэффициентах расширения ~8%. Поэтому, выращивание эпитаксиальных слоев SiC на подложке Si является нетривиальной задачей [5]. Например, методом ионной имплантации удается получить аморфные пленки SiC с последующей их кристаллизацией в процессе отжига (900-1300°C) [6]. Были достигнуты успехи по синтезу тонких эпитаксиальных пленок SiC на Si методом замещения атомов [7,8]. Метод магнетронного распыления получил распространение благодаря относительно большим скоростям роста, хорошей адгезии пленок SiC и достаточно низкой стоимости технологического процесса [9]. В [10] предложен метод осаждения аморфного $a-Si_{1-x}C_x$ с помощью радиочастотного магнетронного со-распыления двух или нескольких мишеней.

В данной работе методом магнетронного распыления осуществлен синтез тонких пленок карбида кремния на поверхности монокристаллической подложки кремния с прослойкой

тонкого слоя аморфного кремния. Осаждение пленок SiC_x осуществлено на установке МАГНА ТМ-200-01 при одновременном распылении мишеней кремния и графита в высокочастотном режиме 13,56 МГц при мощности 150 Вт, расходе газа Ar 2,4 л/час, давлении в камере 0,4 Па, температуре подложки 100°C, времени напыления 2400 сек.

Полученные пленки исследованы методом рентгеновской рефлектометрии с использованием двух спектральных линий CuK_α и CuK_β . По величине критического угла полного внешнего отражения $2\theta_c = 0,51994^\circ$ (таблица 1, рисунок 1б) с помощью программы Henke определена плотность пленки SiC_x , которая составила 3,179 г/см³ и соответствует плотности слоя $\text{SiC}_{0,97}$. Состав слоев SiC_x можно приближенно определить из выражения [6]

$$x = x_1 + (\rho_x - \rho_1) \cdot (x_2 - x_1) / (\rho_2 - \rho_1) \quad (1)$$

где $x_2 = 1$, $x_1 = 0$, $\rho_2 = 3,21$ г/см³, $\rho_1 = 2,33$ г/см³, $\rho_x = 3,179$ г/см³, $x = N_C/N_{\text{Si}} = 0,965$ и плотность слоя SiC_x составляет промежуточное значение между плотностью SiC (или Si_1C_1) и Si (или Si_1C_0). Согласно формуле $\text{SiC}_x = \text{Si}_{1-x/(1+x)}\text{C}_{x/(1+x)}$ плотность соответствует составу $\text{SiC}_{0,965} = \text{Si}_{51}\text{C}_{49}$. Толщина пленки составила около 166 нм (таблица 2, рисунок 1а).




Рисунок 1 – Рентгеновская рефлектометрия с использованием двух спектральных линий CuK_α (0,154 нм) и CuK_β (0,139 нм) параметров в пленки SiC_x , синтезированной на поверхности пластины Si магнетронным распылением (150 Вт – rf, 2400 с, Ar–2,4 л/ч, 0,4Па, 100°C), в логарифмическом (а) и натуральном (б) масштабах

Таблица 1 – Определение плотности ρ слоя по программе Henke

Пленка	$I_{\text{max}}, \text{с}^{-1}$	$I_{\text{max}}/2, \text{с}^{-1}$	$2\theta_c, \text{градус}$	$\theta_c, \text{градус}$	$\theta_c, \text{мрад}$	$\rho, \text{г/см}^3$
SiC_x	708339	354170	0,51994	0,25997	4,537	3,179

Таблица 2 – Определение толщины d слоя по формуле $2d \cdot \sin\theta = \lambda$, или $d = \lambda/2\theta$

Пленка	$(2\theta)_j, \text{градус}$	$(2\theta)_i, \text{градус}$	$j - i$	$2\theta_{\text{av}} = [(2\theta)_j - (2\theta)_i] / (j - i), \text{градус}$	$\lambda, \text{нм}$	$d, \text{нм}$
SiC_x	1,806	0,740	20	0,0533	0,15420	165,8
SiC_x	1,666	0,704	20	0,0481	0,13923	165,8

Анализ рефлектограммы после отжига при температуре 1100°C в течение 30 минут в атмосфере аргона показывает уменьшение плотности до 2,792 г/см³ (таблица 3) и увеличение толщины слоя до 174 нм (таблица 4). Изменение плотности пленки и ее состава до $\text{SiC}_{0,525} =$

Si₆₆C₃₄ предполагает, что под воздействием высокочастотной плазмы 13,56 МГц осаждена структурная фаза, которая распадается после отжига с формированием нанокристаллов SiC.

Таблица 3 – Определение плотности ρ слоя по программе Henke

Пленка	I_{\max} , с ⁻¹	$I_{\max}/2$, с ⁻¹	$2\theta_c$, градус	θ_c , градус	θ_c , мрад	ρ , г/см ³
SiC _x	352693	176347	0,51994	0,48730	8,505	2,792

Таблица 4 – Определение толщины d слоя по формуле $2d \cdot \sin\theta = \lambda$, или $d = \lambda/2\theta$

Пленка	$(2\theta)_j$, градус	$(2\theta)_i$, градус	$j - i$	$2\theta_{av} = [(2\theta)_j - (2\theta)_i]/(j - i)$, градус	λ , нм	d , нм
SiC _x	1,834	0,820	20	0,0507	0,15420	174,3
SiC _x	1,706	0,748	21	0,04562	0,13923	174,9

Для идентификации карбида кремния потребовались исследования методом ИК-спектроскопии и рентгеновской дифракции. Методом ИК-спектроскопии показано присутствие в спектрах широкого пика SiC в интервале 700 – 1030 см⁻¹ и пика SiO₂ при 1100 см⁻¹ до и после отжига (рисунок 2).




Рисунок 2 – Спектры ИК-поглощения пленки SiC_x, синтезированной на поверхности пластины Si магнетронным распылением (150 Вт, 2400 сек, Ar – 2,4 л/ч, 0,4 Па):

1 – после осаждения, 2 – после отжига при температуре 1100°C, 30 мин (Ar)

Исследования методом фотографической рентгеновской дифракции после отжига слоя (1100°C, 30 мин, Ar) показали наличие рентгеновской линии SiC(111) поликристаллической фазы карбида кремния (рисунок 3). Отсутствие линий SiO₂ указывает на отсутствие кристаллитов SiO₂ и пик поглощения SiO₂ соответствует естественному окислу на тыльной поверхности c-Si. Диоксид кремния не может образоваться на поверхности пленки SiC ввиду его высокой стойкости к окислению. Также SiO₂ не может образоваться под слоем SiC ввиду проведенных процедур кислотной и ионной очистки перед осаждением. Таким образом, достоверно показано формирование пленки SiC после осаждения методом магнетронного распыления в высокочастотном режиме и отжига при 1100°C в течение 30 минут.



Рисунок 3 – Дебаеграмма тонкой пленки SiC, полученной методом магнетронного распыления после отжига при температуре 1100°C в течение 30 мин в атмосфере аргона

Литературы:

- 1 Liao F., Girshick S.L., Mook W.M., Gerberich, W.W., Zachariah, M.R. Superhard nanocrystalline silicon carbide films // *Appl. Phys. Lett.* – 2005. – Vol. **86**. – P. 171913 – 171915.
- 2 Афанасьев А.В., Ильин В.А., Корляков А.В., Лебедев А.О., Лучинин В.В., Таиров Ю.М. Карбид кремния. Вклад СПбГЭТУ «ЛЭТИ». Признание и перспективы // В кн. Физика и технология микро- и наносистем. – 2011. – С. 50-86 /под ред. В.В. Лучинина и В.В. Малиновского – Санкт-Петербург: Изд. Русская коллекция. – 2011. – 239 с.
- 3 Yan H., Wang B., Song X.M., Tan L.W., Zhang S.J., Chen G.H., Wong S.P., Kwok R.W.M., Leo W.M.L. Study on SiC layers synthesized with carbon ion beam at low substrate temperature // *Diamond and related materials.* – 2000. – Vol. 9. – P. 1795 – 1798.
- 4 Chen D., Wong S.P., Yang Sh., Mo D. Composition, structure and optical properties of SiC buried layer formed by high dose carbon implantation into Si using metal vapor vacuum arc ion source // *Thin Solid Films.* – 2003. – Vol. 426. – P. 1 – 7.
- 5 L. Calcagno, P. Musumeci, F. Roccaforte, C. Bongiorno, G. Foti. Crystallization mechanism of amorphous silicon carbide. // *Appl. Surf. Sci.* – 184. – 2001. – P. 123–127.
- 6 K.Kh. Nussupov, N.B. Beisenkhanov, S.K. Zharikov, I.K. Beisembetov, B.K. Kenzhaliev, T.K. Akhmetov, B.Zh. Seitov. Structure and Composition of Silicon Carbide Films Synthesized by Ion Implantation. // *Phys. Solid State.* – 56(11). – 2014. – P. 2307–2321.
- 7 S.A. Kukushkin. A.V. Osipov, N.A. Feoktistov. Synthesis of epitaxial silicon carbide films through the substitution of atoms in the silicon crystal lattice: a review. // *Phys. Solid State.* – 56 (8). – 2014. – P. 1507–1535.
- 8 S.A. Kukushkin, K.Kh. Nussupov, A.V. Osipov, N.B. Beisenkhanov, D.I. Bakranova. Structural properties and parameters of epitaxial silicon carbide films, grown by atomic substitution on the high-resistance (111) oriented silicon. // *Superlattices and Microstructures.* – 111. – 2017. – P. 899-911.
- 9 В.И. Перекрестов, А.С. Корнющенко, И.В. Загайко. Получение пленок карбида кремния методом магнетронного распыления составной углерод-кремниевой мишени. // *Журнал наноэлектронной физики.* – 7 (2). – 2015. – 02016(5с).
- 10 Joung Y.-H., Kang H.I., Kim J.H., Lee H.-S., Lee J., Choi W.S. SiC formation for a solar cell passivation layer using an RF magnetron co-sputtering system. // *Nanoscale Res. Lett.* – 2012. – 7(1):22.

E. Dulatuly, K.Kh. Nussupov, N.B. Beisenkhanov, B.Zh. Seitov, S. Keinbay **Synthesis of silicon carbide films by magnetron sputtering**

Summary. The synthesis of thin films of silicon carbide on the Si surface was carried out by magnetron sputtering in the high-frequency mode (13.56 MHz) of silicon and graphite targets. The density of 3.179 g/cm³ and a thickness of 166 nm of SiC_{0.965} = Si₅₁C₄₉ film were determined by X-ray reflectometry. A decrease in the film density up to 2.792 g/cm³ after annealing (1100°C, 30 min, Ar) was observed. Using photographic X-ray diffraction and IR spectroscopy, the appearance of polycrystalline SiC was shown.

Keywords: silicon, semiconductors, silicon carbide, crystallization, magnetron sputtering.

Е. Дулатулы, К.Х. Нусупов, Н.Б. Бейсенханов, Б.Ж. Сейтов, С. Кейінбай **Кремний карбиді кабыршақтарын магнетрондық ыдырату әдісімен синтездеу**

Түйіндеме. 13,56 МГц жоғары жиілік режимінде кремний және графит нысаналарын магнетрондық ыдырату арқылы Si бетіне кремний карбидінің жұқа қабыршақтары синтезделді. Рентгендік рефлектометрия әдісі арқылы $\text{SiC}_{0,965} = \text{Si}_{51}\text{C}_{49}$ қабыршағының $3,179 \text{ г/см}^3$ тығыздығы мен 166 нм қалыңдығы анықталды. Күйдіруден кейін (1100°C, 30 мин, Ar) қабыршақ тығыздығының $2,792 \text{ г/см}^3$ -қа дейін төмендейтіндігі айқындалды. Фотографиялық рентгендік дифракция және ИК-спектроскопия әдістері арқылы поликристалдық SiC пайда болатындығы көрсетілді.

Түйін сөздер: кремний, жартылай өткізгіш, кремний карбиді, кристаллдану, магнетрондық ыдырату

УДК539.23:621.793

Ж.Б. Куспанов¹, Р.Е. Уалиханов¹, Ж.О. Мукаш¹, Л.В. Гриценко^{1,2}, Х.А. Абдуллин²

¹*Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы*

²*Национальная нанотехнологическая лаборатория открытого типа при КазНУ
имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
zhenis.taipak@mail.ru*

ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ПЛАЗМЕННОЙ ОБРАБОТКИ НА ФОТОЛЮМИНЕСЦЕНЦИЮ ОБРАЗЦОВ ОКСИДА ЦИНКА

Аннотация. *Исследованы спектры фотолюминесценции ФЛ пленок ZnO, выращенных гидротермальным методом, подвергнутых термической и плазменной обработке в атмосфере водорода. Обнаружен рост интенсивности ФЛ уже при кратковременной обработке в водородной плазме при предварительной термической обработке исследуемых образцов оксида цинка, легированного бором.*

Ключевые слова: *оксид цинка, гидротермальный синтез, морфология, фотолюминесценция.*

Введение. Оксид цинка и материалы на его основе находят широкое применение в качестве проводящих и прозрачных оксидных слоев (TCO — transparent conductive oxide) с высокой прозрачностью в видимой области спектра, хорошей электропроводностью и более низкой стоимостью, чем пленки из оксида олова, легированного фтором, и оксидов индия — олова [1].

Разработка методов управления свойствами ZnO с помощью различных технологических обработок, таких как отжиг в окислительной, восстановительной и инертной атмосферах, в вакууме, которые могут изменять свойства оксида цинка, является весьма актуальной.

Отжиг в вакууме в определенных условиях и температурном интервале является эффективным способом повышения концентрации свободных носителей и подвижности в пленках ZnO, не приводя к ухудшению оптических характеристик пленок, поэтому может быть использован для получения прозрачных проводящих покрытий [2]. В данной работе отработаны режимы гидротермального синтеза для получения тонких пленок оксида цинка, легированного бором (BZO). Для полученных гидротермальным методом образцов BZO были исследованы спектры фотолюминесценции сразу после роста и после отжига в вакууме при 350°C, 450°C и 550°C в течение 30 мин (рисунок 1).

Спектры фотолюминесценции сняты при комнатной температуре при возбуждении светом с длиной волны 300 нм. Отжиг в вакууме и на воздухе приводит к изменению соотношения интенсивностей собственных и примесных полос фотолюминесценции.

Обнаружено, что вакуумный отжиг способствует росту собственной полосы ФЛ, а при отжиге на воздухе сравнительно увеличивается интенсивность примесной полосы ФЛ, что говорит о снижении концентрации дефектов при вакуумном отжиге.

Отмечено, что интенсивность собственной ФЛ в исходных образцах ZnO увеличивается в ~10–100 раз после проведения плазменной обработки в атмосфере водорода, однако

выдержка образцов в нормальных условиях приводит к деградации интенсивности ФЛ в течение нескольких суток.




Рисунок 1 – Спектр фотолюминесценции образцов ZnO, легированных бором в процессе гидротермального синтеза с концентрацией 1 ат. %, сразу после синтеза и после отжига в вакууме при 350 °С, 450 °С и 550 °С в течение 30 мин




Рисунок 2 – Спектры фотолюминесценции образца после синтеза и после термической обработки

Для достижения стабильной интенсивности ФЛ, не подверженной эффекту старения, необходимо подвергать образцы предварительному отжигу на воздухе в интервале температур 300–500 °С с последующей плазменной водородной обработкой, что приводит к увеличению интенсивности ФЛ в 300–1000 раз по сравнению с ФЛ в исходных образцах (рисунок 2).

Выводы: На этапе предварительной термообработки образцов ZnO формируются дефекты, которые во время водородной обработки создают мелкие доноры, с чем связано значительное увеличение интенсивности собственной ФЛ ZnO в 100–1000 раз.

Литературы:

- 1 R. Kumar, O. Al-Dossary, G. Kumar, A. Umar. A Review. Nano-Micro Lett., 7 (2), 97 (2015)
- 2 X.A. Абдуллин, М.Т. Габдуллин, Л.В. Гриценко, Д.В. Исмаилов, Ж.К. Калкозова, С.Е. Кумеков, Ж.О. Мукаш, А.Ю. Сазонов, Е.И. Торуков, Электрические, оптические и фотолюминесцентные свойства пленок ZnO при термическом отжиге и обработке в водородной плазме, Физика и техника полупроводников, 2016, том 50, вып. 8.

Ж.Б. Куспанов, Р.Е. Уалиханов, Ж.О. Мукаш, Л.В. Гриценко, Х.А. Абдуллин

Плазмалық өңдеудің мырыш оксиді үлгілерінің фотолюминесценция спектрлеріне әсерін зерттеу

Түйіндеме. Гидротермиялық әдіспен өсірілген ZnO қабықшаларының термиялық өңдеу және сүтегі атмосферасындағы плазмалық өңдеуден өткен фотолюминесценция спектрлері зерттелді. Алдын-ала сүтегі плазмасында кейін қысқа мерзімді термиялық өңдеуден соң бормен легірілген мырыш оксиді үлгілерінде ФЛ қарқындылығының жоғарылауы байқалды.

Түйін сөздер: мырыш оксиді, гидротермиялық синтез, морфология, фотолюминесценция.

Zh.B.Kuspanov, R.E. Ualikhanov, Zh.O Mukash, L.V. Gritsenko, Kh.A.Abdullin

Investigation of the influence of plasma treatment on zinc oxide samples photoluminescence

Summary. The photoluminescence spectra PL of ZnO films, grown by the hydrothermal method and subjected to thermal and a hydrogen plasma treatments, were studied. An increase in the PL intensity was observed even during short-term processing in a hydrogen plasma with preliminary heat treatment of the investigated samples of zinc oxide doped with boron.

Keywords: zinc oxide, hydrothermal synthesis, morphology, photoluminescence.

УДК 621.771

М.Мауленова, Л.Атымтай, С.Тұрдыбек

Ғылыми жетекшісі – Машеков С.Ә. техника ғылымдарының докторы, профессор

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Қазақстан,

Алматы қаласы

maulnova_m@mail.ru

ФОЛЬГА ЖАЙМАЛАУҒА АРНАЛҒАН АЛЮМИНИЙ ҚОРЫТПАЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа. Өнеркәсіптің барлық салаларының қарқынды дамуына байланысты, әсіресе, машина жасау, құрал – саймандар жасау, металлургия және химия өндірістерінде, авиация және ғарыштық техникада алюминий қорытпаларына деген сұраныс артуды. Бұл алюминийдің құрылымдық материалдар арасында көшбасшы болуына және физикалық, химиялық қасиеттері арқылы болашағы зор, ғылыми-техникалық прогресс факторларының және экономикалық даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылуына байланысты.

Сонымен қатар, жұқа парақтық алюминий өнімдерінің түрлері бойынша маркетингтік қызметінің кеңеюіне байланысты фольга өндіру және тұтынудың да жалпы көлемін ұлғайтатын байқалады. Бүгінгі күні алюминий фольгасы әртүрлі өнеркәсіп секторларындағы ең қажетті материалдардың бірі болып табылады.

Жұқа алюминий фольгаларын үзіліссіз жаймалаудың негізгі маңызды шарттарының бірі – шығын металлдың жоғары сапалы болуы. Бұл мақалада фольгаға арналған алюминий қорытпаларының құрамы мен қасиеттеріне шолу жасалған.

Түйін сөздер: алюминий, алюминий қорытпалары, фольга.

Алюминий (лат. Aluminium) Al – элементтердің периодтық жүйесінің III тобындағы химиялық элемент, рет нөмірі 13, атомдық массасы 26,9815. Бір тұрақты изотопы бар. Жер қыртысында таралуы бойынша элементтер арасында 4, металдар арасында 1-ші орында. Табиғатта жүздеген минералдары кездеседі, оның көпшілігі – алюмосиликаттар болып келеді. Алюминий латынша Aluminium; алюминий алу үшін пайдаланылатын негізгі шикізат –

боксит. Алюминийді бос күйінде алғаш рет 1825 жылы даниялық физик Ханс Кристиан Эрстед алған, ал 1854 жылы француз химигі А.С.Сентклер Дэвиль оны өндірісте өндіру тәсілін ашты. Алюминий – күміс түсті ақ металл, жылуды және электр тогын жақсы өткізеді, созуға, соғуға икемді, меншікті салмағы 2,7 г/см³; балку температура сы 660 °С, қайнау температурасы 2500 °С; коррозияға берік, қалыпты температурада тұрақты, себебі бетіндегі алюминий оксидінен тұратын жұқа қабыршақ оны тотығудан қорғайды. Сондай-ақ ол амфотерлі элемент, сондықтан қышқылдармен де, сілтілермен де әрекеттеседі/1/.

Академик А.Е.Ферсман алюминийді XX ғасыр элементі, сондықтан бұл ғасырды алюминий дәуірі деуге де болады деген. Алюминий – практикалық маңызы зор металл. Ол негізінен жеңіл құймалар және жұқа табақтық өнімдер өндіру үшін пайдаланылады. Ол авиа, авто, кеме, ядролық реактор, химиялық аппараттар жасауда, құрылыста, т.б. салаларда, таза металл түрінде электр техникасында ток өткізгіш сымдар, тұрмысқа қажетті бұйымдар дайындау үшін қолданылады. Алюминийдің осылай қысқа мерзім ішінде жоғары бағаға ие болуы оның химиялық және физикалық қасиеттерінде болып отыр/2/.

Алюминий негізді барлық қорытпалар екі топқа- деформацияланатын және құйылатын болып бөлінеді. Бұл қорытпалардан сұйықтай немесе ыстық жағдайда қысыммен өңдеу арқылы құбырлар, бұрыш темірлер, таврлар, тақталар, жұқа табақтық өнімдер т.с.с. жасалады.

Алюминий қорытпаларына нақты немесе арнайы қасиеттер беру үшін, оны өндіру барысында түрлі металдардың микро-қоспалары енгізіледі. Нәтижесінде, кейбір қоспалардың көмегімен қорытпаның коррозияға төзімділігін технологиялық қасиеттің жақсартуға және икемділікті, ылғалдылыққа, жоғары температураға төзімділікті арттыру мүмкін болады.

Кесте 1. Қоспалардың алюминий қорытпаларының сипаттамаларының өзгеруіне әсері

№ р/с	Алюминий қорытпасындағы қоспалар	Жақсартылған сипаттамалары
1	Марганец және магний (Mn + Mg)	Күш пен пішімділік
2	Магний және кремний (Mg + Si)	Коррозияға төзімділік
3	Мыс пен мырыш (Cu + Zn)	Беріктік
4	Хром және марганец (Cr және Mn)	Құрылымның біртектілігі
5	Хром және титан (Cr + Ti)	Құрылымның біртектілігі
6	Темір және кремний (Fe + Si)	Өнімдердің сапасы
7	Магний, кремний және мыс (Mg + Si + Cu)	аққыштық шегі
8	Магний, литий және мыс (Mg + Li + Cu)	аққыштық шегі
9	Магний, мырыш және мыс (Mg + Zn + Cu)	аққыштық шегі

Деформацияланатын алюминиден жұқа парақтық алюминий өнімдерінің түрлері бойынша сұраныстың көбеюі фольга өндіру және тұтынудың да жалпы көлемін арттырды. Қазіргі таңда алюминий фольгасы әртүрлі өнеркәсіп салаларында қолданылатын әмбебеп материалдардың бірі болып табылады. Американдық алюминий асоциациясының мәліметінше өнеркәсіптік дамыған елдерде алюминий шикізатының 5-10 % алюминий фольгаларын дайындауға, ал кейбір машина жасау, құрылыс материалдарын өндіру өндірісі нашар дамыған елдерде алюминий шикізатынан 75 % орама өнімдерін, фольга өндіруге жұмсалады.

Фольга қалыңдығы микрометрмен (мкм) өлшенеді. Фольганың ең жоғары қалыңдығы Франция мен Ресейде 200 мкм, АҚШ пен Ұлыбританияда 150 мкм, Германияда 60 мкм, ең жұқа фольга қалыңдығы 6 мкм. Техникалық мақсаттағы электрлік конденсаторлар үшін 4,5-5 мкм жұқа фольгалар да шығарылады.

Ұзақ уақыт бойы фольга тек техникалық А0, А5, А7 алюминий маркаларынан өндіріліп келді. 80-жылдардың соңында ғана жоғары американдық тауар маркалары – АА 1050, АА 1200, АА 8011, механикалық сипаттамаларымен азлегірленген алюминий қорытпалары қолданыла бастады. 8006, 3003 жоғырлегірленген алюминий қорытпаларынан фольга өндіру 2001-2003 жылдары ғана Санкт-Петербург фольгаилемдеу зауытында енгізілді. 2-кестеде

шетелдік фирмалардың фольга жаймалауда қолданылатын алюминий қорытпаларының құрамы берілген.

Кесте 2. Шетелдік фирмалардың фольга өндіруге қолданатын алюминий қорытпаларының химиялық құрамы

Элементтер құрамы, масс %							Алынған ақпарат көзі және отаны
Fe	Si	Mn	Cu	Mg	Zn	+	
0,87 -	0,08	0,013	0,023	-	0,02	-	Патент АҚШ №381459 кл.24-183, 1974
0,5-1,5 --	0,5-1,5	-	0,05-0,5	0,2- 1,0	-	-	Патент Германия №1935508
0,6-1,2 -	0,05-0,15	0,05	0,05	-	0,05	-	Патент Германия №1295852
0,5-3,0	0,4	0,5-4,0	0,01-0,03	0,03-0,05	<0,1	Cr, Zr	Патент Жапония № WO0104369, 2001
0,5-0,7	0,4-0,6	1,0-1,5	0,1-0,2	-	0,1	-	Фирма «Pechiney», Франция
1,1-2,0	До 2,0	до 0,5	до 1,0	До 1,0	5 до 2,0	-	Патент АҚШ №7534811, 1975
1,3-2,0 -	До 2,0	до 0,5	до 0,3	0,3	0,03	-	Патент Франция №7534811, 1975
1,6-1,8	0,7-0,9	0,4	0,05	-	-	-	Патент Норвегия №9071962, 1995
1,0	0,1-1,7	0,1-1,1	0,05	0,3-1,2	0,3	Cr, Zr	Патент Ресей №2163939, 2001
0,3-1,0 --	0,2-0,8	0,3-1,0	0,05	0,15	-	-	Патент Ресей КС7 АН №1430758, 1976

Әдебиеттердегі зерттеулер нәтижесі фольгаларды жоғары сапалы және үзілмей жаймалану үшін әртүрлі химиялық қатынастағы құрамы бар арнайы қоспалардың қажет екендігін көрсетіп отыр.

Алюминий қорытпалары фольгалар жаймалау үшін негізгі легірлеуші ретінде темір, кремний және марганец, мыс элементтері қолданылады. Бұл элементтердің шектері мен мазмұны кең ауқымда: темір 0,7% -дан 2,5%, кремний 0,05% -дан 2% -ке, марганец -0,05% -дан 1,5% -ға дейін өзгереді. Сондай-ақ, кейбір қоспаларда Zn, Mg, Cr және басқа қоспалардағы басқа қоспалар аз мөлшерде қосымша енгізілгеніне байқаймыз.

Сонымен қатар өндіру тәжірибесі мен көптеген зерттеулер қорытындысы фольгаға арналған дайындамаға қойылатын талаптарды айқындауға мүмкіндік берді: 100 г металлда сутегі көлемі 0,17 м³ аспауы, оксидтер мен зиянды қоспалар мөлшері минималды болуы, металл көлемі бойынша химиялық құрамының біркелкілігі, сондай-ақ ұсақ түйіршіктерінің құрылымы біртектілігі болуы керек.

Жұқа табақтық өнімдер жаймалауда қолданылатын Al-Fe-Mn-Si жүйесіндегі қорытпалары алюминийден жоғары беріктігімен ерекшеленеді, бірақ жоғары пластикалық қасиетін сақтайды. Бұл қорытпалардың сипаттамалық қасиеттері: жоғары коррозияға төзімділік (алюминийдің беріктігіне жақын) және жақсы дәнекерленуі. Бұл қорытпалардың жылу өткізгіштік және электр өткізгіштігі алюминийден әлдеқайда төмен. Марганецтің енгізілуіне байланысты беріктігінің біршама өсуіне қарамастан, ол әлі де төмен және суық деформацияға ұшырау үшін берік болып қалады.

Сонымен қатар, сапалы фольга алу үшін металлды ыстықтай және суықтай илемдеуде температураға, жылдамдыққа және механикалық факторларға көңіл аудару керек.

Әдебиеттер:

1. В.Ю.Бажин. Фольговые алюминиевые сплавы под глубокую вытяжку высоколегированные алюминиевые сплавы Al-Fe-Si-Mn. Монография. Palmarium Academic Publishing. 2013. – 184 с. ISBN 978-3-659-98110-4
2. Гринева С.И., Коробко В.Н., Кузнецов А.И., Сычев М.М. Алюминий и сплавы на его основе. Учебное пособие. /СПб, СПбГТИ(ТУ). – 2003. – 22 с.
3. Райков Ю.Н., Кручер Г.Н. Алюминиевая фольга. Производства и применение. М.: ОАО «Институт Цветметобработка», 2009. – 184 с.
4. Баранов М.В., Бажин В.Ю. Дефекты фольговых заготовок и фольги из алюминиевых сплавов. Учеб. пособие. Екатеринбург : ГОУ ВПО УГТУ–УПИ, 2006. 126 с.
5. Материалы компании Achenbach (Германия) <http://aluminium-guide.ru/aluminium-foil-production/>
6. ГОСТ 618-73
7. ГОСТ 11069-2001
8. ГОСТ 745-2003
9. <http://folga.ru/about-foil/production-cycle/>

Мауленова М., Атымтай Л., Тұрдыбек С.

Состав и свойства алюминиевых сплавов для производства фольги

Резюме. В связи с расширением маркетинговых мероприятий по тонколистовым видам алюминиевого проката наблюдается тенденция увеличения общих объемов производства и потребления фольги. В статье рассмотрена состав и свойства алюминиевых сплавов применяемых для производства фольги.

Ключевые слова: алюминий, алюминиевая фольга, техническая фольга, технология изготовления фольги.

Maulnova M., Atymtay L., Turdybek S.

Composition and properties of aluminum alloys for foil

Summary: In connection with the expansion of marketing activities for thin-sheet types of aluminum rolled products, there is a tendency to increase total volumes of production and consumption of foil. The article considers the composition and properties of aluminum alloys used for the production of foil.

Keywords: aluminum, aluminum foil, technical foil, foil manufacturing technology.

УДК 539.3

Мұң айтпас Н.А., Төренияз Ж.Б., Калкозов а Ж.К.

Ғылыми жетекшісі – Калкозова Ж.К., физ.-мат. ғылымд.канд.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қаласы
zh.kalkozova@mail.ru

ЭЛЕКТРОСПИННИНГ ӘДІСІ БОЙЫНША НАНОТАЛШЫҚТАРДЫ АЛУ

Аңдатпа. Бұл жұмыста электроспининг әдісі арқылы полимерлі және композитті талшықтар алынды. Жұмыс барысында мырыш, никель ацетаты негізіндегі наноталшықтар алынып, талшықтардың морфологиялық құрамы зерттелінді. Мұнымен қоса, процесс барысында наноталшықтарға сәйкес келетін термоөңдеудің режимдері көрсетіліп, оптималды температуралары анықталды.

Түйін сөздер: Электроспининг, наноталшықтар, термиялық жасыту, полимер.

Электроспининг – нано/микро масштабты талшықтарды алуға негізделінген әмбебап әдіс [1]. Алдын ала таңдалынып алынатын материалдың тұтқыр болуы жұмыс кезіндегі талшық түзілу қабілеттілігін анықтайды. Қазіргі таңда нанотехнология ғылым саласында полимерлердің ерітінділерінен электроспининг әдісі бойынша түзілген құрылымдарды алу жұмысы қарқынды даму үстінде. Бұл әдіс арқылы түзілген талшықтар электротехника, биоинженерия, электроника, газ бен сұйықтың фильтрлеу, композициялық материалдарды жасау (полимерлі матрицаларды армирлеу үшін), фильтрлеуші құрылғыларды жасауда, дәстүрлі медицинада және т.б. бірқатар ғылым салаларында қолданыс тапты. Мұнымен қоса, электроспининг әдісі арқылы алынған материалдар электрод аралық сепараторлар қызметінде қолданылады, ал егер өткізгіш күйге өтсе кеуекті электродтар үшін де негіз бола алады. Алдын ала таңдалынып алынатын материалдың тұтқыр болуы жұмыс кезіндегі талшық түзілу қабілеттілігін анықтайды. Электроспининг процесі полимерлердің ерітінділерінің немесе құймаларының электрлік зарядталған ағынында электростатикалық күш әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Наноталшықтарды алу жұмысының кез-келген принципі үш кезеңге негізделеді, ол – қалыптасушы затты ақпалы-жабысқақтық күйге ауыстыру, талшықтарды қалыптау мен оларды қатайту [2]. ЭС-өнімінің мүмкіншілігі мен нәтижесі тек қана талшықтардың қасиеттеріне ғана емес, сондай-ақ талшықты қабаттың өлшеміне, формасына және өзара орналасуына да тікелей байланысты [3].

Тәжірибе барысында құрамында поливинилді спирт пен цинк ацетаты бар цинк оксиді негізіндегі талшықтарды алу үшін (PVC-AcZn), цинк ацетаты мен PVC суда ерітілді. Дайын ерітінді 60 °C температурада магнитті араластырғышы бар пешке қойылып, 12-18 сағат бойы қыздырылды. Электроспининг процесі әсер ететін кернеу мәні 20 кВ, инеден коллекторлық үстелге дейінгі қашықтық шамамен 20 см. Түзілген талшықтардың морфологиясы оптикалық микроскопта және сканерлеуші электрондық микроскопта (СЭМ) зерттелінді. Нәтижесінде, талшықтардың жоғары мөлдірлігі және хаосты орналасқандықтары байқалынып, орташа диаметрі 0.6-0.8 мк талшықтардың түзілгені анықталды. Сондай-ақ, никель ацетатының көмегімен композитті талшықтар алынды. Қажетті талшықтарды алу барысында полимер ретінде поливинилпирролидон қолданылды. Алдымен, никель ацетаты (AcNi) деионизацияланған суда ерітілді. Сұйықтыққа поливинилпирролидон қоса отырып, орташа тұтқырлыққа ие ерітінді алу үшін магнитті араластырғышқа қойылылды. Полимер қажетті деңгейде еріп болған соң, шприцке ерітінді құйылып, жоғары кернеу бере отырып, электроспининг әдісін орындауға арналған қондырғының көмегімен, алюминий фольгасы бекітілген беттік қабатта ПВП - AcNi наноталшықтарының түзілуі байқалды.

